

Қазақстан Республикасының меншігіне Польша Республикасында жылжымайтын мүлік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 23 желтоқсан N 1340

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Қазақстан Республикасының Польша Республикасындағы Елшілігін әкімшілік орналастыру үшін Варшава қаласы, Крулевэй Марыщиеньки көшесі, 14, (бұдан әрі - Ғимарат) мекен-жайы бойынша орналасқан ғимаратты Қазақстан Республикасының меншігіне сатып алу туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі 2002 жылға арналған республикалық бюджетте "Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктерін орналастыру үшін шет елдерде жылжымайтын мүлік сатып алу" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен Ғимаратты сатып алуға Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі төленетін күнге белгілеген бағам бойынша 1100000 (бір миллион бір жүз мың) АҚШ долларына баламалы сомада қаражат бөлсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі